



Е. Әнуар

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы Құқық
қорғау органдары академиясы
Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу
институтының аға ғылыми қызметкері
әділет кеңесшісі

АЛАЯҚТЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Алаяқтық - ұрлықтың бір түрі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес алаяқтық дегеніміз «бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену».

Қазіргі кездегі алаяқтық өзінің көп түрлігімен, бейімделгіштегімен, тез дамидығымен ерекшеленеді. Бұл қылмыс көп жағдайларда зорлық көрсетумен байланысты емес, техниканың дамыған мүмкіндіктерін, әсіресе бизнес пен қаржы саласында, яғни мобильді телефондардан интернетке дейін ақпараттық технологияларды пайдалана отырып істеледі.

Аталған салаларда алдау мен алаяқтық көп кездеседі. Тек осы саланың мамандарына ғана түсінікті жаңа және ерекше формалары пайда болуда. Алаяқтық карта мен «оймақ» алдауынан бастап, жаңа компьютерлік және виртуальды түрлерде кездеседі. Яғни алаяқтық дегеніміз ең алдымен «ақыл-ой қаруы», заман дамуына сәйкес оның түрлері дамып және күрделеніп отырады.

Қазіргі кездегі алаяқтық белең алған салалар болып біздің мүлік, ақша, меншікке қатысты материалдық жағдайымыз, физикалық, психикалық денсаулығымыз, біздің алдауға түскен, жалған ақпаратқа бой алдырған ой-санамыз есептеледі. Демек, алаяқтық біздің өмірмізге, материалдық жағдайымызға, ой-санамыз бен денсаулығымызға кері әсерін тигізеді. Сондықтан, алаяқтың негізгі түрлері болып оның қаржылық және басқа да мүліктік сипаты, әр түрлі сиқырлық немесе ем-шара көрсету, БАҚ арқылы жалған ақпарат тарату, өтірік ғылыми психотренингтар өткізу жолымен адамдарды алдап-арбау болып табылады. Алаяқ өзінің құрбанын алдап-арбау арқылы жеңіске жетеді, яғни алаяқтың жеңісі оның құрбанынсыз мүмкін емес. Басқаша айтқанда, адамдар өзінің сенгіштігімен, құмарға еліктеуімен, қызығушылығымен алаяқтың жеңіске жетуіне себеп болады. Өз кезегінде алаяқ ұятсыз, қатал, алдаушы, жүрексіздігімен өз ойын жүзеге асырады.

Қазіргі кездегі тіркелген алаяқтық әрекеттердің үштен бірі қарыз алу немесе шарттық міндеттемелер жүктеу арқылы бөтеннің ақшасын иемдену арқылы жүзеге асырылады. Алаяқтың бұл түрі болашақта болатын фактілерді өтірік айту арқылы сендіру. Алдау сөз түрінде және басқа да алдау әрекеттері арқылы жүргізіледі.

Алаяқтықтың басым бөлігі несие алумен байланысты жасанды құжаттарды пайдаланып немесе таныстарының не туысқандарының өтініші бойынша несие рәсімдеуші азаматтардың сеніміне кіру жолымен жасалады.

Сондай-ақ, тауарлық несиеге байланысты Алматы қаласында азаматша Д. жетекшілік еткен алаяқтық топ мүшелері сотталды.

Алаяқтардың белгілі мөлшердегі сыйақы үшін жер телімдерін беру сылтауымен жасалған қылмыс фактілері Астанада, Алматыда, Оңтүстік-Қазақстан, Жамбыл, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелген.

Соңғы кезде жұмысқа орналастыру деген сылтаумен алаяқтықтың кең тарап жатқан фактілерін атап кету қажет.

Көбінесе алаяқтар ұтымды жұмыстарды үйде атқаруды ұсынады. Өз кезегінде, жәбірленушілер қымбат бағалы шығын материалдарын, кепіл немесе кіріс жарналарын төлеуге мәжбүр болады. Тағы бір әдісі – белгілі бір сыйақы төлеу арқылы жұмысқа тұрғызуға уәде беру. Бұндай фактілердің басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелген.



Кей жағдайларда алаяқтық ұялы телефондарды және басқа тауар түрлерін интернет арқылы сату немесе әр түрлі өтірік компаниялардың акция өткізу туралы хабарламаларын тарату арқылы жүзеге асырылады.

Бұл тек сенгіш азаматтарды алдау арқылы істелетін алаяқтық қылмысының кейбір әдістері мен схемалары.

Алаяқтықтан қалай тиімді қорғана аламыз?

Біріншіден, әрбір адам құқық негіздері мен заңнама нормаларынан хабардар болғаны абзал. Мысалы, қаржы құқығы мемлекеттегі қаржылық бақылауды реттеп қана қоймайды, өндірістегі, мекемелердегі жеке адамға қатысты қаржылық институттардың барлығын реттейді. Азаматтық құқық тараптардың міндеттемелерін айқындап, құрылтай құжаттарын қалай пайдалануды, адамның жеке құжаттарын нақтылайды. Банктік заңнама несие беру кезінде несие алушы туралы ақпаратты алу тәртібін реттейді.

Атап айтқандай, заңнама алаяқтың алдауына түспеу үшін қажетті ақпараттардың барлығын қарастырған. Азаматтық заңнамада алаяқтық әрекетке тап болмау үшін қажетті белгілі бір механизм бар. Мысалы, шартқа отырған кезде кепілдік ету негіздерін, айыппұл санкцияларын және оның өсімін қарастыру қажет.

Екіншіден, алаяқтықпен тиімді күрес жүргізу үшін құқық қорғау органдарында тек қылмыстық құқық негіздері емес азаматтық құқықты меңгерген бухгалтерлік білімнен хабары бар тергеушілер санатынан арнайы топтар құрылу тиіс. Бұл топ мүмкіндігінше алаяқтық фактілерін тергеп қана қоймай, алаяқтықтың алдын алу бағытында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізсе дұрыс. Аталған жұмысты сонымен қатар халықпен тікелей жұмыс атқаратын учаскелік инспекторлар да жүргізсе. Мысалы, олар өз учаскесіндегі алаяқтыққа бейім, сезікті азаматтар мен мекемелерді анықтап отыруы тиіс.

Үшіншіден, Қылмыстық кодекске әр саладағы алаяқтықтың қоғамда кең таралған және жаңа түрлерінің алдын алу үшін арнайы қылмыс құрамдарын енгізу қажет.

Аталған қылмыстың күрделігіне байланысты осы саладағы шетелдік тәжірибе зерделеніп, қылмыстың алдын алу жолдары қарастырылуда.

